

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

Қазақстан Республикасы қаржы нарығын
және қаржы ұйымдарын реттеу мен
қадағалау Агенттігімен

2010 жылдың 08 ақпанында

Келісілді

"Қазақстан қор биржасы" АҚ
Биржалық кеңесінің шешімімен
(2009 жылдың 24 желтоқсанындағы
№ 33 отырыс хаттамасы)

Бекітілді

Қазақстан Республикасы қаржы нарығын
және қаржы ұйымдарын реттеу мен
қадағалау Агенттігі Төрағасының
орынбасары

2010 жылдың 09 ақпанынан бастап

Қолданысқа енгізілді

А.У.АЛДАМБЕРГЕН

Шетел валюталары нарығы жөніндегі Комитет туралы ҚАҒИДА

Алматы

2009

ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ

1. № 1 өзгертулер мен толықтырулар:

- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетімен 2011 жылдың 02 желтоқсанында келісілді;
- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен (2011 жылдың 27 қазанындағы № 28 отырыс хаттамасы) бекітілген;
- 2011 жылдың 28 желтоқсанынан бастап қолданысқа енгізілді.

Осы Қағида Шетел валюталары нарығы жөніндегі Комитеттің (бұдан әрі – Комитет) құрылуы және жұмысының тәртібін, сондай-ақ қызмет етуі мен өкілеттілігін анықтайды.

1 тарау. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР

1. Комитет "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) құрылымнан тыс тұрақты органы болып табылады, оның негізгі мақсаттары:
 - "валюталық нарық мүшесі" санаты бойынша Биржа мүшесінің (бұдан әрі – валюталық нарық мүшелері) төлеу қабілетсіздігі жағдайын анықтау;
 - валюталық нарық мүшелерін шетел валютасының биржалық сауда-саттығы бойынша төлемдерді жүзеге асырудың бір тәртіптемесінен басқа тәртіптемесіне ауыстыру бойынша шешім қабылдау;
 - қандай да бір ұйымды валюталық нарық мүшелігіне қабылдағанда, шетел валютасының биржалық сауда-саттығы бойынша төлемдерді жүзеге асырудың бастапқы тәртіптемесін және, осындай валюталық нарық мүшесі осы тәртіптемеде төлемдерді жүзеге асыруының мерзімін белгілеу;
 - сауда-саттыққа қатысушылардың нетто-жайғасымдарының бір күндік жиынтық шектелімінің көлемін анықтау;
 - Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес шетел валютасының сауда-саттығына байланысты өзге де мақсаттар.

(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2011 жылдың 27 қазанындағы шешімімен өзгертілген)

2. Комитет мүшелерінің құрамына кіреді :
 - 1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі - Ұлттық Банк) өкілі;
 - 2) Ұлттық Банктің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетінің (бұдан әрі - ҚҚК) өкілі;
 - 3) Биржаның атынан, Есептесу палатасының жұмысына жетекшілік ететін, Басқарма мүшесі;
 - 4) валюталық нарық мүшелері атынан алты өкіл кіреді. Бұл ретте валюталық нарықтың бір мүшесін тек бір өкіл ғана кіреді.

(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2011 жылдың 27 қазанындағы шешімімен өзгертілген)

3. Валюталық нарықтың алты мүшесін өкілдейтін, Комитет Мүшелері Биржалық кеңестің шешімімен бекітіледі.

Ұлттық Банктің, ҚҚК және Биржаның өкілдері болып табылатын, Комитет мүшелерін, жоғарыда аталмыш ұйымдар дербес түрде анықтайды.

(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2011 жылдың 27 қазанындағы шешімімен өзгертілген)

4. Комитет мүшелері арасынан Комитет Төрағасы, Биржалық кеңес Комитет мүшелерін бекіткен сәттен бастап бірінші отырысында жиналған мүшелердің жалпы санынан дауыс көпшілігімен, сайланады.

Комитет Төрағасын сайлағанда, Комитет Мүшелері, сонымен бірге, Комитет төрағасы болмаған кезде орнын басатын Комитет мүшесін сайлаға құқылы.

(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2011 жылдың 27 қазанындағы шешімімен өзгертілген)

5. Комитет құрамына өз өкілдерін тағайындағанда, Ұлттық Банк, ҚҚК және Биржа, осы өкілдердің болмаған жағдайында, олардың орнын басуға құқылы өзге тұлғаларды анықтауға құқылы *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2011 жылдың 27 қазанындағы шешімімен өзгертілген)*.
6. Ұлттық Банктің, ҚҚК және Биржаның өкілдерінің, сондай-ақ, осы Комитет мүшелері болмаған жағдайда орнын басуға құқылы тұлғалардың Комитеттегі өкілеттілік мерзімдерін дербес түрде анықтайды *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2011 жылдың 27 қазанындағы шешімімен өзгертілген)*.

7. Комитет мүшелерінің өкілеттілік мерзімдері, Биржалық кеңес бекіткен сәттен бастап, бір күнтізбелік жылды құрайды.

Осы Комитет мүшелерінің болмаған жағдайында орнын басуға құқылы тұлғалардың өкілділік мерзімі, солар орнын басатын уәкілетті өкілдердің өкілділік мерзімімен шектеледі.

(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2011 жылдың 27 қазанындағы шешімімен өзгертілген).

2 тарау. ВАЛЮТАЛЫҚ НАРЫҚ МҮШЕЛЕРІ АТЫНАН КОМИТЕТ МҮШЕЛЕРІН ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ОРНЫН БАСАТЫН ТҰЛҒАЛАРДЫ САЙЛАУ ТӘРТІБІ

(Осы тараудың тақырыпшасы Биржалық кеңестің 2011 жылдың 27 қазанындағы шешімімен өзгертілген)

9. Валюталық нарық мүшелері атынан Комитет мүшелігіне үміткерлер (бұдан әрі - Үміткер) тізімі валюталық нарық мүшелерінің берген өтініштері негізінде құрастырылады. Әр валюталық нарық мүшесі Үміткер ретінде тек бір өкілін ұсынуға құқылы.

Өтініш, Биржа Комитет мүшелерін сайлау туралы хабарламасын жолдаған сәттен бастап он жұмыс күннен кешіктірмей, беріліп, Үміткер туралы мынадай мәліметтерді қамтуы тиіс:

- 1) тегі, аты, әкесінің аты;
- 2) ең кемінде соңғы үш жылдағы, алдыңғы жұмыс орындары туралы сипаттама беретін, атқарған қызметтері көрсетілген, қысқаша түйіндемесі.

(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2011 жылдың 27 қазанындағы шешімімен өзгертілген).

10. Валюталық нарық мүшелері атынан Комитет мүшелері Қағиданың 9 тармағына сәйкес қалыптастырылған Үміткерлер тізімінен анықталады.

Бұл ретте осындай мүшелер келесі он екі ай бойы келесідей талаптарға сай болуы тиіс:

- Биржа алдында өз міндеттерін, соның ішінде шетел валютасының сауда-саттығының қорытындысы бойынша төлемдерді және Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес, Биржа есебіне валюталық нарық мүшесінің төлейтін комиссиялық және өзге де төлемдерін уақытылы жүзеге асыру бойынша міндеттерін тиісті орындау;
- Биржаның ішкі құжаттарында белгіленген тәртітке және мерзімдерде, соңғы он екі айдағы қаржылық есеп берушілігін ұсыну;
- соңғы есеп берушілік датаға пруденциалды нормативтерді және, уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген, ашық валюталық жайғасымның шектелімдерін сақтау.

Валюталық нарық мүшелері атынан Комитет мүшелері, Қағиданың 6 тарауында белгіленген тәртіпте, валюталық нарықтың барлық мүшелері арасында сырттай дауысқа салу арқылы сайланады.

(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2011 жылдың 27 қазанындағы шешімімен өзгертілген).

11. Бірдей дауыс алған үміткерлер арасынан валюталық нарық мүшесін Комитет құрамына сайлау туралы шешім қабылданғанда, Биржалық кеңес Комитет құрамына осының алдында сайланбаған үміткерді артық көруге құқылы *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2011 жылдың 27 қазанындағы шешімімен өзгертілген).*

12. Комитеттегі валюталық нарық мүшелерінің құрамын қалыптастыру Комитеттің алдыңғы құрамының өкілеттілік мерзімі аяқталар алдында бір ай бұрын жүзеге асырылады *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2011 жылдың 27 қазанындағы шешімімен өзгертілген).*

13. *(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2011 жылдың 27 қазанындағы шешімімен алып тасталды)*

14. Егер Комитет отырысына валюталық нарық мүшесінің өкілі немесе оның орнын басатын тұлға үш немес одан көп рет себепсіз келмесе, осы валюталық нарық мүшесі автоматты түрде Комитеттегі мүшелігінен айырылады.

Осы тармақтың бірінші абзацында аталған себеппен Комитеттегі мүшелігінен айырылған валюталық нарық мүшесін, дауыс бергенде ең көп дауыс алған валюталық нарық мүшесінен кейінгі белсенділік көрсеткіші ең жоғары, валюталық нарық мүшесі ауыстырады. Егер осындай валюталық нарық мүшелерінің саны екеу немесе одан көп болса, Комитет мүшелері Биржалық кеңестің жуырдағы отырысында анықталады.

(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2011 жылдың 27 қазанындағы шешімімен алып тасталды)

3 тарау. ҚЫЗМЕТТІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ

15. Комитеттің кез келген мүшесі немесе валюталық нарық мүшесінің, осы Қағиданың 2 Қосымшасында берілген нұсқа бойынша (электрондық түрде Биржаның Есептесу палатының clhouse@kase.kz мекен-жайына жолданған немесе қағаздағы нұсқасындағы) Комитет отырысын шақыру туралы өтініші негізінде, Комитет отырысы шақыртылады *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2011 жылдың 27 қазанындағы шешімімен өзгертілген)*.
 16. Комитет отырысы Биржа аталмыш өтініш алған күннен кейін үш жұмыс күн аралығында өткізіледі.
 17. Комитет отырысын шақыртуға мынадай деректердің кез келгені негіз бола алады:
 - валюталық нарық мүшесінің соңғы есептік датасына банкаралық қарыз бойынша немесе биржадан тыс мәмілелер бойынша өзге де міндеттемелерді орындамау деректері болуы *(осы абзац Биржалық кеңестің 2011 жылдың 27 қазанындағы шешімімен өзгертілген)*;
 - валюталық нарық мүшесінің Биржа алдындағы өз міндеттемелерін, соның ішінде төлемдер мен қаржылық есеп берулерін уақытылы жүзеге асыру бойынша міндеттемелерін орындамауы *(осы абзац Биржалық кеңестің 2011 жылдың 27 қазанындағы шешімімен өзгертілген)*;
 - Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органы белгілеген, меншікті капиталының өтімділігі мен жеткіліктілігі нормативтерінің кез келгенін (k1, k2, k4, k4-1, k4-2, k4-3, k4-4, k4-5, k4-6), сондай-ақ ашық валюталық жайғасымдарының шектелімдерін бұзуы *(осы абзац Биржалық кеңестің 2011 жылдың 27 қазанындағы шешімімен өзгертілген)*;
 - валюталық нарық мүшесінің қаржылық жағдайының елеулі нашарлауын дәлелдейтін жағымсыз ақпараттың болуы *(осы абзац Биржалық кеңестің 2011 жылдың 27 қазанындағы шешімімен өзгертілген)*.
- Бұл ретте, егер негіз болып аталған фактілердің соңғысы болса, ақпараттың құпиялығын қамтамасыз ету мақсатында, нақтырақ мәліметтер нақты Комитет отырысы болғанда, сондай-ақ ауызша түрде, ұсынылуы мүмкін.
18. Отырыстарды өткізу мақсаттары үшін және оның хаттамаларын толтырып қол қойдыру үшін Комитет мүшелерінің уәкілдері немесе Биржа қызметкерлері арасынан тұрақты Комитет хатшысын немесе Комитет отырысының хатшысын сайлауға құқылы.
 19. Комитет отырысы өткізілетіннен бір күн бұрын Биржа электрондық түрде Комитет мүшелеріне валюталық нарық мүшесі туралы, оның төлем жасау бір тәртібінен екіншісіне ауыстыру мүмкіндіктерін отырыс барысында қарастырылатыны туралы мынадай ақпараттарды жолдайды *(осы абзац Биржалық кеңестің 2011 жылдың 27 қазанындағы шешімімен өзгертілген)*:
 - 1) соңғы аяқталған есептік жылдағы қаржылық жағдайының көрсеткіштері, (пруденциалды нормативтерді орындау туралы мәліметтер, кіріс (шығыс) көлемдері, меншікті капиталы мен активтерінің көлемдері туралы мәліметтер);

- 2) осындай мәліметтер берген датадан бастап Комитет отырысын шақырту туралы өтініш берер алдындағы датаға дейін валюталық нарық мүшесінің Биржа алдындағы өз міндеттемелерін орындамау (соның ішінде төлеу тәртіптемесін бұзу фактілері туралы) мәліметтер *(осы абзац Биржалық кеңестің 2011 жылдың 27 қазанындағы шешімімен өзгертілген)*.

Жағдайдың мән-жайын анықтау үшін Комитет осы валюталық нарық мүшесінен оның төлеу қабілеттілігі туралы жазбаша түсініктемелерін қосымша талап етуге, ал қажетті жағдайда осы валюталық нарық мүшесінің өкілін Комитет отырысына шақыртуға құқылы *(осы абзац Биржалық кеңестің 2011 жылдың 27 қазанындағы шешімімен өзгертілген)*.

20. Қажет болған жағдайда, Комитет осы мәселені жан-жақты және толық көлемде қарастыруға қажетті қосымша құжаттарды сұратуға, сондай-ақ сарапшылар мен кеңесшілерді отырысқа шақыртуға құқылы.
21. Комитет отырыстың қарауына ұсынылған сұрақтарды қарап, олар бойынша шешім қабылдауға, осы отырысқа (немесе Комитет мүшелерінің сырттай дауыс беруіне) Комитет мүшелерінің жалпы санынан үштен екі бөлігі қатысқанда ғана құқылы.
22. Комитет отырысы өткізілгенде, оның шешімдері, Комитеттің шешімімен белгіленген ерекше жағдайлар, сондай-ақ, осы отырыста төрағалық етуші немесе Комитет мүшелерінің үштен екі бөлігінен кем емесі құпиялы дауыс беруді талап еткен жағдайларды қоспағанда, ашық дауыс беру арқылы қабылданады.

Комитет шешімі Комитет отырысына қатысушыларының жалпы санынан қарапайым көпшілігі дауы бергенде ғана қабылданады.

Дауыстар тең болған жағдайда Комитет төрағасы немесе, Комитет отырысында төрағалық еткен тұлғаның дауысы, шешуші болып табылады *(осы абзац Биржалық кеңестің 2011 жылдың 27 қазанындағы шешімімен өзгертілген)*.

23. Егер:
- 1) Комитет отырысын шақырту туралы өтініш берген валюталық нарық мүшесі дауыс берудің осындай әдісі артық болып табылатынын мәлімдесе *(осы абзац Биржалық кеңестің 2011 жылдың 27 қазанындағы шешімімен өзгертілген)*;
- 2) Комитет мүшелерінің ешқайсысы сырттай дауыс беру әдісіне жазбаша түрде қарсылық білдірмесе,

Комитет сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдауға құқылы.

Комитет мүшелерінің сырттай дауыс беруі өткізілген жағдайда:

- 1) Комитет мүшелеріне сырттай дауыс берілетіні туралы ескертпе хаттары және осындай дауыс беруге арналған бюллетеньдері жолданады; бұл ретте сырттай дауысқа салынатын Комитеттің әр бір шешімімен бөлек бюллетень құрастырылады;
- 2) сырттай дауысқа салу бюллетеньдеріне Комитет мүшелері немесе олар болмаған кезде орындарын басатын өкілденген уәкілдері аталмыш бюллетеньдерде құрастырылған шешімнің қабылдануына дауыс беріп, қол қояды;
- 3) егер Комитет мүшелері сырттай дауыс беру туралы ескертпе хаттары мен аталмыш бюллетеньдерін алған күннен кейін үш жұмыс күн ішінде сырттай дауыс беруге қатысқан Комитет мүшелерінің жалпы санының жартысынан көбі дауыс бергенде, сырттай дауыс беру бюллетеніндегі шешімнің заң күші бар.
24. Валюталық нарықтың қандай да бір мүшесін төлем жаудың бір тәртібінен екіншісіне ауыстыру туралы Комитет шешім қабылдағанда, осы шешім соған қатысты қабылданатын Комитет мүшесі дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ *(осы абзац Биржалық кеңестің 2011 жылдың 27 қазанындағы шешімімен өзгертілген)*.
25. Әр күнтізбелік ай аяқталғаннан соң, келесі күнтізбелік айдың он бесінші жұлдызынан кешіктірмей Биржа Комитет мүшелеріне валюталық нарық мүшелерінің барлығы туралы мынадай ақпараттарды ұсынады *(осы абзац Биржалық кеңестің 2011 жылдың 27 қазанындағы шешімімен өзгертілген)*:

- 1) аяқталған соңғы есептік кезеңге қаржылық жағдайының көрсеткіштері, (пруденциалдық нормативтерді орындау туралы мәліметтер, кіріс (шығыс) көлемі, меншікті капиталының көлемі туралы мәліметтер);
 - 2) осындай мәліметтер берген датадан бастап Комитет отырысын шақырту туралы өтініш берер алдындағы датаға дейін валюталық нарық мүшесінің Биржа алдындағы өз міндеттемелерін орындамау (соның ішінде төлеу тәртіптемесін бұзу фактілері туралы) мәліметтер *(осы абзац Биржалық кеңестің 2011 жылдың 27 қазанындағы шешімімен өзгертілген)*.
26. Осы Қағиданың алдыңғы тармағында аталған ақпараттарды алғаннан кейін, Комитет мүшелері Қағиданың 3 Қосымшасында берілген нұсқа бойынша сауалнама толтырып, Биржаның Есептесу палатасының электрондық мекен-жайына жолдауы тиіс.
- Егер сауалнама өткізу барысында қандай да бір Комитет мүшесі валюталық нарық мүшелерінің бірінің төлеу қабілеттілігіне қатысты күмәні болғанын білдірсе, үш жұмыс күн аралығында Комитет отырысы өткізіледі *(осы абзац Биржалық кеңестің 2011 жылдың 27 қазанындағы шешімімен өзгертілген)*.
- Егер Комитет мүшесі жоғарыда аталған мерзімде сауалнаманы ұсынбаған жағдайда, осы Комитет мүшесі қандай да бір валюталық нарық мүшесінің төлеу қабілеттілігіне қатысты күмән білдірмегені деп саналады *(осы абзац Биржалық кеңестің 2011 жылдың 27 қазанындағы шешімімен енгізілген)*.
27. Комитет валюталық нарық мүшесін сатылатын және/немесе сатып алынған шетел валютасына төлеудің мерзімдік жеткізілімі тәртібінен алдын ала жеткізілім тәртібіне үш ай мерзіміне ауыстыру туралы шешім қабылдауға құқылы *(осы абзац Биржалық кеңестің 2011 жылдың 27 қазанындағы шешімімен өзгертілген)*.
- Осы мерзім аяқталғаннан соң Комитет осы шешімнің күшін жойып, аталмыш мерзімді ұзартуға құқылы, осы мерзімде осы валюталық нарық мүшесі өзінің нетто-міндеттемелерін өтеу бойынша сатылатын және/немесе сатып алынған шетел валютасына алдын ала жеткізілім тәртібіне төлем жасауы тиіс *(осы абзац Биржалық кеңестің 2011 жылдың 27 қазанындағы шешімімен өзгертілген)*.
28. Валюталық нарық мүшесінің сатылатын және/немесе сатып алынған шетел валютасына төлеудің мерзімдік жеткізілімі тәртібінен алдын ала жеткізілім тәртібіне ауыстыруға негіз болған фактілерді жойған жағдайда, Комитет осы Биржа мүшесін сатылатын және/немесе сатып алынған шетел валютасына төлеудің алдын ала жеткізілімі тәртібінен мерзімдік жеткізілім тәртібіне мерзімінен бұрын ауыстыруға құқылы *(осы абзац Биржалық кеңестің 2011 жылдың 27 қазанындағы шешімімен өзгертілген)*.
29. Комитет шешімдері, Комитеттің өзі белгілеген нұсқа бойынша, отырыс (дауыс беру нәтижелері туралы) хаттамаларымен рәсімделеді.
- Комитет хаттамасына төрағаның уәкілі немесе оның өкілеттілігін жүзеге асыратын тұлған, немесе Комитет хатшысы немесе Комитет отырысының хатшысы қол қояды.
30. Биржаның қандай да бір мүшесін бір төлем тәртібінен екіншісіне ауыстыру туралы Комитет шешім қабылдағаннан кейін, Биржа осы валюталық нарық мүшесіне аталған шешім қабылданғаны туралы ескепте хатын жолдайды *(осы абзац Биржалық кеңестің 2011 жылдың 27 қазанындағы шешімімен өзгертілген)*.

4 тарау. ШЕШІМДЕРДІ ОРЫНДАУ ТӘРТІБІ

31. Комитеттің шешімін Биржаның тиісті құрылымдық бөлімшесі, шешімде белгіленген мерзімде, орындауға міндетті *(осы абзац Биржалық кеңестің 2011 жылдың 27 қазанындағы шешімімен өзгертілген)*.
32. валюталық нарық мүшесі Комитеттің шешіміне, осындай шешімнің көшірмесін алған күннен кейін үш жұмыс күн аралығында Биржалық кеңеске шағымдануына құқылы *(осы абзац Биржалық кеңестің 2011 жылдың 27 қазанындағы шешімімен өзгертілген)*.
33. Комитет шешіміне шағымдану туралы өтінішті Биржалық кеңес жуырдағы отырысында қарайды.

5. КОМИТЕТ МҮШЕЛЕРІНІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

34. Комитет мүшелерінің уәкілдері және олар болмаған кезде олардың орнын басуға өкілденген тұлғалар Комитет мүшесінің қызметін атқарғанға байланысты алған, коммерциялық, қызметтік құпия құрамына кіретін немесе заңмен қорғалатын құпия болып табылатын ақпараттардың құпиялығын сақтауды қамтамасыз етуі тиіс және осы міндеттемесін орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.
35. Осы Қағидада белгіленген нормаларды бұзғаны үшін немесе тиісті орындамағаны үшін Комитет мүшелерінің уәкілдеріне және олар болмаған кезде олардың орнын басуға өкілденген тұлғаларға мынадай ықпалшаралар қолданылуы мүмкін:
 - 1) Комитет мүшелерінің уәкілдері және олар болмаған кезде олардың орнын басуға өкілденген тұлғалар қатарынан шығару;
 - 2) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Биржаның жарғысына және басқа да ішкі құжаттарына сәйкес өзге де ықпалшаралар түрлері.

6 тарау. СЫРТТАЙ ДАУЫС БЕРУ АРҚЫЛЫ КОМИТЕТ МҮШЕЛЕРІН САЙЛАУ ПРОЦЕДУРАСЫ

36. Валюталық нарық мүшелері атынан Комитет мүшелерін сайлау, осы тарауда белгіленген тәртіпте, валюталық нарықтың барлық мүшелерінің сырттай дауыс беруі арқылы жүзеге асырылады.
37. Валюталық нарық мүшелері Комитет мүшелерін сырттай дауыс беру арқылы сайлауы үшін Биржа валюталық нарықтың әр мүшесіне валюталық нарық мүшелері атынан Комитет мүшелігіне сырттай дауыс беру өткізілетіні туралы хабарлама жолдайды.

Сырттай дауыс беру туралы хабарламаға қосып сырттай дауыс беру бюллетені мен сырттай дауыс беру материалдары беріледі.

Бұл ретте, сырттай дауыс беру материалдарында, Қағиданың 9 тармағына сәйкес, Үміткерлер және олардың орнын басуға құқылы тұлғалар туралы мәліметтер болуы тиіс.

Сырттай дауыс беру бюллетенінде:

 - 1) Биржаның атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;
 - 2) осы бюллетень жолданған, валюталық нарық мүшесінің толық атауы;
 - 3) сырттай дауыс беру бюллетенін ұсынудың соңғы күні;
 - 4) Үміткердің және оның орнын басуға құқылы тұлғаның (бар болса) тегі, аты, әкесінің аты;
 - 5) әр Үміткер және олардың орнын басуға құқылы тұлғалар (қажет болса) бойынша "қолдаймын", "қарсымын" және "бейтарап" сөздерімен берілген дауыс беру нұсқалары;
 - 6) дауыс беру тәртібіне (бюллетенді толтыруға) түсініктеме болуы тиіс.
38. Валюталық нарық мүшелері валюталық нарық мүшелері атынан Комитет мүшелерін сайлағанда, олардың болмаған кезінде орнын басуға құқылы тұлғаларды сайлайды.
39. Валюталық нарықтың әр мүшесі тек алты Үміткер және олар болмаған жағдайда орнын басуға құқылы тұлғалар үшін дауыс беруге құқылы.
40. Сырттай дауыс беру бюллетеніне валюталық нарық мүшесінің өкілетті тұлғасы қол қойып, осы валюталық нарық мүшесінің мөрі басылуы тиіс.
41. Толтырылған және қол қойылған бюллетенді валюталық нарық мүшесі Биржаға, бюллетеньде/хабарламада көрсетілген, мерзімде, жедел байланыстың кез келген қол жетімді құралымен (соның ішінде, факсимльді байланыс, электронды пошта арқылы), кейін бюллетеньнің түпнұсқасын көрсетілген мекен-жай бойынша немесе шабарманмен жолдауы тиіс.

42. Бюллетеньде көрсетілген мерзім өткеннен кейін Биржа алған бюллетень, және/немесе валюталық нарық мүшесінің уәкілетті өкілінің қолы қойылмаған, және/немесе осындай валюталық нарық мүшесінің мөрі басылмаған, және/немесе түзетулері бар бюллетень дауыстарды санағанда және сырттай дауыс берудің қорытындысын шығарғанда есепке алынбайды.
43. Биржа дауыс беру қорытындыларын, толтырылған және валюталық нарық мүшелері қол қойған және көрсетілген мерзімде Биржа алған, бюллетеньдер негізінде шығарады.
44. Сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдау үшін кворум валюталық нарық мүшелерінің жалпы санының жартысынан кем болмауы тиіс.
Сырттай дауыс беру арқылы қабылданатын шешім, кворум болған жағдайда және дауыс беруге қатысушылардың қарапайым дауыс көпшілігімен қабылданды деп саналады.
45. Сырттай дауыс берудің қорытындысында мынадай мәліметтер болуы тиіс:
 - 1) Биржаның атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;
 - 2) валюталық нарық мүшесі атынан комитет мүшесін сайлау мәселесі бойынша сырттай дауыс беру өткізілетіні туралы және сырттай дауыс беру бюллетеньдерінің ұсыну аяқталуының датасы туралы хабарламаның датасы;
 - 3) сырттай дауыс беруге қатысқан, валюталық нарық мүшелері туралы мәліметтер;
 - 4) алынған бюллетеньдердің саны және сырттай дауыс беруде есепке алынғандардың саны туралы қорытындылар және сырттай дауыс берудің қорытындылары;
 - 5) валюталық нарықтың әр мүшесінің әр Комитет мүшелігіне Үміткер және, ол болмаған кезде орнын басуға құқылы, тұлға бойынша (болған жағдайда) дауыс беруінің қорытындылары;
 - 6) валюталық нарық мүшелері атынан Комитет мүшелігіне және, олар болмаған кезде орнын басуға құқылы, тұлғаларды сайлау туралы валюталық нарық мүшелерінің шешімдері;
 - 7) өзге де мәліметтер.
46. Сырттай дауыс берудің қорытындылары Биржалық кеңеске валюталық нарық мүшелері атынан Комитет мүшелерінің құрамын бекітуге беріледі.
47. Кворум болмаған жағдайда сырттай дауыс беру, осы тарауда белгіленген тәртіпте, қайталап өткізіледі.

(Осы тарау Биржалық кеңестің 2011 жылдың 27 қазанындағы шешімімен енгізілген).

Президент

Қ.Қ.Дамитов

Шетел валютасы нарығы
жөніндегі Комитет туралы
Қағидаға

1 қосымша

Коммерциялық құпияға жататын ақпараттарды және/немесе қызметтік және/немесе банктік құпияға жататын мәліметтерді таратпау туралы

Ө Т І Н І Ш

Мен, шетел валюталары нарығы жөніндегі Комитет мүшесінің (бұдан әрі – Комитет) уәкілі

- 1) Комитет мүшесінің уәкілі қызметін атқару барысында мен танысқан және/немесе, маған сенген, және/немесе маған мәлім болған коммерциялық құпияны құрайтын ақпараттарды таратпауға;
- 2) Комитет мүшесінің уәкілі қызметін атқару барысында мен танысқан және/немесе, маған сенген, және/немесе маған мәлім болған қызметтік құпияны құрайтын ақпараттарды таратпауға;
- 3) Комитет мүшесінің уәкілі қызметін атқару барысында мен танысқан және/немесе, маған сенген, және/немесе маған мәлім болған банктік құпияны құрайтын ақпараттарды таратпауға;
- 4) коммерциялық құпия, және/немесе қызметтік құпия, және/немесе банктік құпияны құрайтын ақпараттарды тек Комитет мүшесінің уәкілі қызмет атқаруға байланысты ғана қолдануға;
- 5) коммерциялық құпия, және/немесе қызметтік құпия, және/немесе банктік құпияны құрайтын ақпараттарды бөгде тұлғалар менен алуды әрекеттенген жағдайда дереу Комитет төрағасына хабарлауға;
- 6) Комитет мүшесінің уәкілі ретінде менің өкілеттілігімнің мерзімі аяқталғаннан соң, осы өтініштің 1-3 тармақтарында белгіленген талаптарды орындауға міндеттенемін.

Коммерциялық құпия, және/немесе қызметтік құпия, және/немесе банктік құпияны құрайтын ақпараттарды таратқаным үшін және/немесе осындай ақпараттары бар құжаттарды және/немесе мәліметтерді жоғалтқаным үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапқа тартылатыным туралы ескертілдім.

Шетел валюталарының нарығы жөніндегі Комитет мүшесінің уәкілінің қолтаңбасы

Қол қойған күні

Шетел валюталары нарығы
жөніндегі Комитет туралы
Қағидаға

2 қосымша

Шетел валюталары нарығы жөніндегі Комитетті шақырту туралы

Ө Т І Н І Ш

(фирмалық бланкіде)

Шетел валюталары
нарығы жөніндегі
Комитет

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) кейбір мүшелерінің төлеу қабілеттілігі туралы ақпараттарды қарау бойынша шетел валюталары нарығы жөніндегі Комитеттің отырысын өткізуін сұраймыз.

Валюталық нарық мүшелерінің бірінің төлеу қабілеттілігі бойынша мынадай себептерге байланысты (бір немесе бірнеше тармақтарын белгілеу) күдік тұғызады *(осы абзац Биржалық кеңестің 2011 жылдың 27 қазанындағы шешімімен өзгертілген)*:

- Валюталық нарық мүшесінің соңғы есеп беру датасына алынған банкаралық несиелер бойынша немесе өзге де биржадан тыс мәмілелер бойынша міндеттемелерді орындау бойынша мерзімі өткен берешектерінің бар болуы *(осы абзац Биржалық кеңестің 2011 жылдың 27 қазанындағы шешімімен өзгертілген)*;
- Валюталық нарық мүшесінің төлемдер мен қаржылық есеп берулерін уақытылы жүзеге асыру бойынша Биржа алдында өз міндеттемелерін орындамауы *(осы абзац Биржалық кеңестің 2011 жылдың 27 қазанындағы шешімімен өзгертілген)*;
- Валюталық нарық мүшесінің Қазақстан Республикасы қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау Агенттігі белгілеген меншікті капиталдың шектелімділігі мен жеткіліктілігі бойынша кез келген пруденциалдық нормативтерін (к1, к2, к4, к4-1, к4-2, к4-3, к4-4, к4-5, к4-6) бұзуы *(осы абзац Биржалық кеңестің 2011 жылдың 27 қазанындағы шешімімен өзгертілген)*;
- Валюталық нарық мүшесінің қаржы жағдайының едәуір нашарлауын дәлелдейтін жағымсыз ақпараттардың бар болуы. Егер аталмыш ақпараттар құпия сипаттағы болмаға, нақтырақ мәліметтер беруіңізді сұраймыз *(осы абзац Биржалық кеңестің 2011 жылдың 27 қазанындағы шешімімен өзгертілген)*;

Жоғарыда аталған валюталық нарық мүшесінің төлемнің бір тәртібінен өзгесіне ауыстыру туралы шешімді (біреуін белгілеңіз) *(осы абзац Биржалық кеңестің 2011 жылдың 27 қазанындағы шешімімен өзгертілген)*:

- көзбе-көз дауыс беру;
- сырттай дауыс беру арқылы қабылдауыңызды сұраймыз.

Өтініш беруші – ұйымның атауы

(Мемлекеттік тіркеу (соңғы мемлекеттік тіркеу)
туралы куәлігіне сәйкес өтініш берушінің толық
атауы)

Өтініш беруші – ұйымның өкілі (қызметі)

(тегі, аты-жөні)

Шетел валюталары нарығы
жөніндегі Комитет туралы
Қағида

3 қосымша

**Шетел валюталары нарығы жөніндегі Комитет мүшесінің
САУАЛНАМАСЫ**

(шетел валюталары нарығы жөніндегі Комитет мүшесінің атауы)
(сауалнаманы толтырған тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты)
(сауалнаманы толтырған тұлғаның қызметі)
(сауалнаманы толтырған тұлғаның байланыс телефонының нөмірі)

	Иә	Жоқ
Қандай да бір валюталық нарық мүшесінің төлеу қабілеттілігіне күмәніңіз бар ма? Осыға байланысты сатылатын шетел валютасының жеткізілімі және сатып алынатын шетел валютасына төлеуін мерзімдік тәртіптен алдын ала жеткізілім тіртібіне ауыстыруды нұсқайсыз ба? <i>(осы жол Биржалық кеңестің 2011 жылдың 27 қазанындағы шешімімен өзгертілген)</i>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Осындай Биржа мүшесінің толық атауын жазыңыз; және		
Аталмыш шешімге тиісті негізді (негіздерді) белгілеңіз:		
Биржа мүшесінің соңғы есеп беру датасына алынған банкаралық несиелер бойынша немесе өзге де биржадан тыс мәмілелер бойынша міндеттемелерді орындау бойынша мерзімі өткен берешектерінің бар болуы		<input type="checkbox"/>
Валюталық нарық мүшесінің төлемдер мен қаржылық есеп берулерін уақытылы жүзеге асыру бойынша Биржа алдында өз міндеттемелерін орындамауы <i>(осы жол Биржалық кеңестің 2011 жылдың 27 қазанындағы шешімімен өзгертілген)</i>		<input type="checkbox"/>
Қазақстан Республикасы қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау Агенттігі белгілеген меншікті капиталының шектелімділігі мен жеткіліктілігі бойынша кез келген пруденциалдық нормативтерін (k1, k2, k4, k4-1, k4-2, k4-3, k4-4, k4-5, k4-6) бұзуы		<input type="checkbox"/>
Валюталық нарық мүшесінің қаржы жағдайының едәуір нашарлауын дәлелдейтін жағымсыз ақпараттардың бар болуы. Нақтырақ мәліметтер беруіңізді сұраймыз <i>(осы жол Биржалық кеңестің 2011 жылдың 27 қазанындағы шешімімен өзгертілген)</i> :		<input type="checkbox"/>

Шетел валюталарын нарығы жөніндегі Комитет мүшесінің өкілінің қолтаңбасы